



Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 16 шілдеден  
№ А-7/353 қаулысымен  
бекітілген



**«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім  
бөлімінің жаңындағы Ақкөл қаласының «Ақбота» бөбекжайы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
ЖАРҒЫСЫ**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің жаңындағы Ақкөл қаласының «Ақбота» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұданәрі – Кәсіпорны) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болыпта былады.

2. Ақмола облысының әкімдігі Кәсіпорнының құрылтайшысы болып табылады.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – тиісті саланың өкілетті органы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің жаңындағы Ақкөл қаласының «Ақбота» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

5. Кәсіпорынның орналасқан жері: 020100 индекс, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Моншақты көшесі, 30.

## **2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

6. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктегі шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланктері және мөрі болады.

7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

8. Кәсіпорынның жасаған азаматтық-құқықтық мәмілелері және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік немесе басқа тіркеуге жататын мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының

заннамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәтінен бастап жасалған деп есептеледі.

### **3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

9. Кәсіпорынның негізгі әрекеті жалпы білім беру және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру.

10. Кәсіпорынның алдына қойылған мәселелер:

1) мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, сонымен қатар ерекше білімді қажет ететін және жеке мүмкіншіліктері бар тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік және тұлғалық дамуын қалыптастыру үшін онтайлы жағдай жасау;

3) сапалы мектепалды дайындығын ұйымдастыру;

4) тәрбиеленушілердің толық дамуын қамтамасыз ету үшін отбасылармен әрекеттесу;

5) тәрбиеленушілердің денсаулығын сактау және тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету және кеңес беру.

11. Кәсіпорынның әрекеті мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына, кәсіпорын Жарғысына, Санитарлық ережелеріне сәйкес іске асырылады.

12. Кәсіпорынның білім беру қызметі:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандагы №604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқытудың Үлгілік оқу жоспарларына;

3) «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушысының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асырылады.

13. Кәсіпорынды жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы №70 бұйрығына сәйкес іске асады.

14. Кәсіпорында ата-аналардың (занды өкілдерінің) қызығушылықтарын есепке алу арқылы ерекше білімді қажет ететін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту қарастырылған.

15. Топтар біржастық және әртүрлі жастық принципі бойынша жинақталады.

Топтардың жинақталуы «Мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығына сәйкес іске асады.

16. Кәсіпорын бескүндік жұмыс аптасы режимінде қызмет көрсетеді.

17. Кәсіпорын өз әрекеттерін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрінің міндеттін атқарушысы бұйрығымен бекітілген, бағдарлама мазмұның менгеру кезеңі);

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына келген тәрбиеленушілер жыл сайын 1 тамызға дейін мектепке дейінгі ұйымнан шығарылады;

4) тәрбиеленушілерді бір топтан екінші топқа ауыстырылуы ағымдағы жылдың 1 тамызынан бастан 31 тамызына дейін жүргізіледі, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне тәрбиеленушінің толық жасқа келуі есепке алынады.

18. Тәрбиеленушінің Кәсіпорындағы орны келесі жағдайда сақталады:

1) денсаулық сактау, білім беру және басқа да ұйымдарында (көрсетілім анықтамасын, корытындысын ұсыну кезінде) тәрбиеленушілердің ауырғаны, емделуі, сауықтыруы, түзетуі және оналтуы жағдайында;

2) тәрбиеленушінің ата-анасы немесе занды өкілінің біреуі демалыс кезеңіне немесе жылына екі ай мерзіміне дейін баланың сауығуына жазбаша түрінде өтініш ұсынған кезінде;

3) орналасу жеріндегі (әлеуметтік, табиги, техногендік түрдегі төтенше жағдайларға байланысты) енгізілген төтенше жағдайлар кезінде.

19. Тәрбиеленушілер Кәсіпорыннан шығарылатын жағдайлар:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе занды өкілі арасындағы келісім шарттың талаптарын бұзу кезінде;

2) тәрбиеленушінің бір айдан астам себепсіз балабақшага келмеуі және әкімшілікті ескертпеуі кезінде;

3) дәрігерлік кенес комиссиясының анықтамасы негізінде тәрбиеленушінің балабақшада болуына жол бермейтін медициналық қарсы көрсетілімдер.

20. Кәсіпорын мен заңды өкілдер арасындағы арақатынас бала мектепке дейінгі ұйымға қабылданатын кезінде құрылған келісім шартына сәйкес реттеледі.

Тәрбиеленушілер, ата-аналар және Кәсіпорын қызметкерлері арасындағы қарым-қатынас білім беру үрдісі қатысушыларының өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушілерге даму бостандығын ұсыну негізінде құрылады.

21. Кәсіпорын педагогтары мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптарын сақтау арқылы тәрбиелеу-білім беру үрдісінің тәсілдері мен нысандарын дербес таңдай алады.

22. Балалары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен жаппай алынбаған ата-аналар үшін отбасы мен тәрбиеленушіге әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында Кәсіпорында кеңес беру орындары құрылады.

23. Кәсіпорынды басқару қолжетімділік принципі мен коллегиалдық басқару принципі арқылы құрылады. Коллегиалдық басқару нысандарына педагогикалық, әдістемелік және камқоршылық кеңестер жатады.

24. Кәсіпорын бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға арналған бөбекжай топтары мен мектеп жасына дейінгі топтарды қарастырады.

25. Кәсіпорын қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

26. Педагогикалық қызметкердің құқықтарымен міндettteri.

Педагог өзінің кәсіби қызметінде:

1) білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдардың оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғатын кәсіби қызметіне араласуынан қорғауға;

3) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және қажетті жағдайлар жасауға;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуға;

6) шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламаларын әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) оку құралдарын, материалдарды және білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оку жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оку-әдістемелік кешендерді және оку құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлануға және сайланбалы лауазымды атқаруға;

- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының, әдістемелік бірлестіктері мен кеңестерінің, өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіби дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, мерзімінен бұрын біліктілік санатын алуға;
- 15) ұйымдардағы кітапхананы және акпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, сондай-ақ акпараттық-телекоммуникациялық желілер мен деректер базасына, оқу және әдістемелік материалдарға, кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға қажетті білім беру қызметін қамтамасыз етудің материалдық-техникалық құралдарына қол жеткізуғе;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандарда және тәртіппен қоғамдық кәсіптік ұйымдарға бірігуге;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
- 18) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;
- 19) тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқылы.

Педагогтің міндеттері:

Педагог:

- 1) өз қызметі саласында тиісті кәсіби құзыреттерді менгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
- 3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санатының деңгейін бес жылда кемінде бір рет арттыруға (растастауға);
- 4) педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға;
- 5) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу бойынша дағдыларын, құзыреттерін арттыруға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен профилактикалық медициналық тексеруден өтуге;
- 7) қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына жәрдемдесуге;
- 8) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) балаларды заңға, адамның (азаматтың) құқықтары мен міндеттеріне, жоғары адамгершілікке, отансүйгіштікке, ата-анаға, үлкендерге құрмет көрсетуге, отбасы құндылықтарына, елдің мәдени-тарихи құндылықтарына, оның мемлекеттік құрылымы мен рәміздеріне, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

10) тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

11) өмірлік қын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз калудың алдын алу жүйесі органдарын дереу хабардар етуге;

12) кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер (әрекетсіздік) жасау фактілері туралы, сондай-ақ ұйымдардан тыс кәсіби қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;

13) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға, занды өкілдерге консультация беруге, оларға оқыту мен тәрбиелеуге ортақ жауапкершілік қағидаттарын түсіндіруге міндетті.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелу үшін пайдалануға құқылы емес.

Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

#### **4. Кәсіпорынды басқару**

##### **27. Ақмола облысы әкімдігі:**

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;
- 4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

28. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндettі жұмыс (көрсетіletіn қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкін пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның енбекті төлеу қорының көлемін жыл сайын орнатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

29. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен іске асырылады.

30. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

31. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидасы негізінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметтің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді.

32. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндettі бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелей шараларын қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен басқаша қаралмаса, оларды жазага тартады;

8) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзіретін белгілейді;

9) дербес жауапкершілікте болады:

- каржылық-шаруашылық қызметі мен Кәсіпорын мүлкінің сақталуына;
- таза табыстың белгіленген бөлігі бюджетке уақытылы аударылмағанда;
- Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-эрекетті ұйымдастырғанда.

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді іске асырады.

33. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға беріледі.

## **5. Кәсіпорынның мүлкі**

34. Кәсіпорынның мүлкін активтер құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі.

35. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

36. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алғынған мүліктен (ақшалай табысты қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

37. Кәсіпорынның жүргізуінде оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

38. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

39. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың табыстары, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына туседі.

40. Мүлікті жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз балансына бекіткен сәтінде туындаиды.

41. Кәсіпорынның шарттары негізінде негізгі құралдарына жататын мүлікті иелікten айыруға, сатып алу-сатуға, айырбастауға, сыйға тартуға құқылы емес.

42. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы иелік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабымен көзделген негіздер мен тәртіпте, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 баптарымен қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

43. Осы Жарғының 41-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иелікten шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

44. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## **6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру**

45. Кәсіпорынның қызметі өз табысы мен Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаржаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

46. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

47. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті көрсетуден Кәсіпорын алған табыс, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

48. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

## **8. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі**

49. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық

есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саласының уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін және келісілген басқару органы есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

50. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік балансты, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## **9. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

51. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

52. Кәсіпорын мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

## **10. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

53. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен орнатылады.

## **11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас**

54. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

55. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

56. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

57. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілер талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

58. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

### **13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

59. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.



Басшы А. О. Миеренбаев Талес Манчуков №  
Т.А.Ә. қолы